



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 16 қазан


### 2017 жылғы қыркүйектегі инфляциялық күтулер туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері бойынша инфляция қыркүйекте айлық көрсеткіш бойынша 0,3% болды. Жылдың 9 айындағы инфляция 4,2% деңгейінде қалыптасты және өткен жылдың осындай кезеңіндегі көрсеткіштен (5,6%) төмен деңгейде сақталуда.

Қыркүйекте жылдық инфляция 7,1% болды, бұл нысаналы көрсеткіштерге сәйкес келеді. Ұлттық Банктің бағалауынша инфляция 2017 жылдың соңына қарай 6-8%-дық нысаналы дәліз шегінде қалады, ал келесі жылы нысаналы аралыққа біртіндеп кіріп, 2018 жылдың соңында 5-7%-ды құрайды.

Халық арасында жүргізілген қыркүйектегі пікіртерім нәтижелері бойынша өткен айда және соңғы 12 айда қабылданған инфляция төмендеген. Бағаның болашақта өсуіне қатысты халықтың күтулері мерзіміне қарай аздап ерекшеленеді.

### Инфляция және күтілетін инфляция



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, GfK Kazakhstan

Өткен айда (72%-дан 68%-ға дейін) және 12 айда (89%-дан 87%-ға дейін) инфляцияның өскендігін атап өткен пікіртерімге қатысушылар үлесінің азайғаны

байқалады. Пікіртерімге қатысушылардың азы соңғы жылда бағаның жылдам өскендігін (55%-дың орнына 51%) атап өтеді.

Өткен айдағыдай, пікіртерімге қатысушылардың көпшілігі (пікіртерімге қатысушылардың 44%-ы) келесі айда бағаның қалыпты өсетінін күтеді. Жылдық инфляция бойынша күтулерге қатысты пікіртерімге қатысушылардың 37%-ы бағаны қазіргідей өсе береді деп санайды.

2017 жылғы қыркүйекте «Сіздің пікіріңізше, жалпы алғанда бағалар келесі 12 айда қалай өзгереді?» деген сұраққа берілген жауаптардың деректері бойынша инфляцияның алдағы бір жылға есептелген сандық бағасы 2018 жылға арналған нысаналы дәліз шегінде болуын (5-7%) жалғастырады және 6,5%-ды құрайды.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)